

Болашақ бастауыш сынып

муғалімдерінің

құндылық бағдарлары:

РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ

КҮНДЕЛІК



Мейірім



Білім



Руханият



Әділдік



ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТТЕР!

Бұл рефлексиялық күнделік болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарларын қалыптастыруға және олардың рухани мәдениетін мәдениетін дамытуға бағытталған. Күнделік рефлексивті-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру педагогикалық шартын жүзеге асырудың тиімді тетігі ретінде әзірленді және жоғары оқу орындарының педагогикалық білім беру үдерісінде қолдануға арналған.

Рефлексиялық күнделіктің негізгі мақсаты – студенттердің кәсіби қызметке қатысты құндылықтық-мағыналық ұстанымдарын саналы түрде ұғынуына, педагогикалық іс-әрекеттегі моральдық таңдауларын пайымдауына және өз рухани дамуын жүйелі түрде бағалауына жағдай жасау.

Күнделік екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім – «Құндылықтарды саналы ұғыну» – оқу кезеңінде жүргізіледі және студенттердің кәсіби мотивациясын, құндылықтар жүйесін, рухани бағдарларын және болашақ мұғалім ретіндегі ішкі позициясын қалыптастыруға бағытталған.

Екінші бөлім – «Құндылықтарды іс-әрекетте іске асыру» – педагогикалық практика барысында жүзеге асырылады және құндылықтардың нақты педагогикалық жағдаяттарда, қарым-қатынаста және кәсіби шешім қабылдау үдерісінде көрініс табуын рефлексиялау мақсатында қолданылады.

Рефлексиялық күнделікті жүргізу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өз ойларын еркін түрде, эссе, ой толғау, сұрақтарға жауап беру немесе шығармашылық жазба формасында рәсімдей алады. Күнделік жазбалары бағалау немесе бақылау құралы емес, студенттің ішкі рухани тәжірибесін саналы ұғынуына арналған рефлексиялық құрал болып табылады.

Күнделікті жүйелі қолдану нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде мамандықтың әлеуметтік және рухани миссиясын түсіну, құндылықтар иерархиясын нақтылау, педагогикалық іс-әрекетті ғылыми негіздеу және түрлі педагогикалық жағдаяттарда моральдық ұстанымдарды басшылыққа алу қабілеттерінің қалыптасуы күтіледі.

Мамандықтың рухани миссиясы (Мотивациялық деңгей)

1

Нұсқау: Төмендегі сұрақтарға сүйене отырып, рефлексиялық эссе жазыңыз (1 бетке дейін)

- Мұғалім мамандығын не үшін қоғамдық миссиясы бар мамандық деп есептеймін?
- Бастауыш сынып мұғалімінің баланың тұлғалық дамуына әсері неде?
- Менің кәсіби таңдауым қандай өмірлік құндылықтармен байланысты?